

ӘОЖ 82-93(574)

*Ерғалиева Б.Ж.**магистрант, М.Өтемісов атындағы БҚМУ***ДҮКЕНБАЙ ДОСЖАН – БАЛАЛАР ЖАЗУШЫСЫ**

Балалар әдебиетіне өзіндік үлес қосып, «Балалықпен тілдесу» (2005 ж.) атты әңгімелер мен хикаяттар жинағын жарыққа шығарған жазушы Дүкенбай Досжан шығармашылығы - тартымды суреттер мен тың дүниелерге толы. Балалар тақырыбын ұлттық болмыста көтеруді мақсат тұтқан жазушы туындыларында қазақтың қара баласының бойындағы ұлттық рухты басты назарда ұстай отырып суреттейді.

Кейбір әңгімелері балаларды қызықтыру мақсатында аңыздық желіге құрылады. «Келіншеқтаудағы тас түйелер» деп аталатын повесі аңыздық прозаға негізделіп, баланың қиялын өсіріп, дүниетанымдық шеңберін молайтуға зор еңбек сіңіріп тұр. Д.Досжанның балаларға арналған шығармаларының сюжеттік құрылымы өте шымыр, оқиғалары кең тынысты, композициялық құрылымы көп қырлы. Кей шығармалары шығарманың шиеленісуінен немесе шарықтау шегінен басталады. Поэтикалық тілі жұп-жұмыр, балалар, жасөспірімдер жасына сәйкестендірілген. Д.Досжанның балаларға арналған шығармаларының көпшілігі негізінен мектептің орта жасындағы балаларына арналған, яғни көбіне бұғанасы қатпаған, әлі де кішкентай балалар оқиғаларына сайма-сай. Оның «Ардақ деген баланың бастан кешкен қызықты оқиғалары», «Нағашы», «Нан туралы екі әңгіме», «Қара нар», «Камин пешінің қызуы», «Қойшы мен қарлығаш», «Бәйге», «Қарықбол мен Ақбата» секілді шығармаларын алатын болсақ, бұлардың барлығы дерлік бала сезімі мен танымына орайластырылған, бала мәнерімен жымдасқан дүниелер.

Кітаптың алғашқы туындысының өзі «Атшабар бала» әңгімесімен басталған. Қазақтың бар баласы балалығын ең әуелі ат жалын тарта мініп, тай үстінде өткізетінін есімізге түсірсек, жазушы Дүкенбай Досжан да балаларға арнаған жинағындағы алғашқы «тоқым қағарын да» «Атшабар баладан» бастаған. «Тарт!», - деп басталатын әңгіме бірден сәйгүлік шабысымен басталып кетеді. Желмен жарыса шапқан Бекбаулы баланың мінезі мен болмысы бала болса да, даналыққа тән көрегендікпен сәйгүлік халін тани білетін психологиясы оқырманын бей-жай қалдырмай қоймайды. Нағыз қазақ баласы – міне, осындай болу керек деген көңіліне қуаныш ұялап, намыс-жігерінді жана отырып оқисың. Әңгіме динамикасы оқырманын өзімен бірге ілестіре отырып, тақымын мықтап қысып отырып шауып келе жатқан Бекбаулы күйімен бірге болады. Бекбаулы да, оқырман да мәреге бірге келіп жетеді. Әңгіме бір деммен оқылады. Артық ауыз сөз жоқ. Құйрық-жалы сүзе таралып, сөреге қойған сәйгүліктей төрт аяғын тең басқан туынды.

«Қазақ бәйгесінің Бекбаулы білетін екі түрі бар. Бірі – айналма бәйге, екіншісі – айдама бәйге. Айдама бәйгеде аттар күні бұрын белгіленген алыс жерге апарылады да, кейін қарай, елге дейін тура шабады. Мұнда жұрт ат шабысын көре алмайды. Тек бәйгеден қалай келгенін көреді. Ал айналма бәйге кең жазықтың әр тұсына қадаған қарауыл қадалардан айналып шабылады. Мұнда жұрт аттын шабысын да, бәйгеден қалай келгенін де көріп тұрады. Бүгінгісі – айналма бәйге болатын» [1.3].

Міне, осындай қазақтың ұлттық спорты ат жарыстың түр-түрінен мол мәлімет беретін шығарманы оқып отырған бала атқа мінгісі келіп кететіні хақ. Бабын келістіре сәйгүлігін сылап-сипаған атбегінің әрбір іс-әрекеті бала түгілі, үлкендердің өзіне үлкен өнеге, сабақ болмағын мына бір жолдардан аңғаруға болады:

«Кішкентай Бекбаулының көз алдына сайыпкер әкесі елестеді. Қашан да катулы жүретін. Ат суытқанда: «Бүгін қатты шауыпсың», «үйге жеткенше тізгінін тартпайтының қалай» - деп көңілі бітпейтін. Ендіккен жылқының алқымына қол жүгіртеді, біле қояды. «Арам тері шығыпты», «Ертең қамау терін аламыз», «Арғы күнге қаңтар тер қалады». «Сосын бәйгеге қосамыз», Міне... осылай, ат бабы бір таусылмайды. Мазасыз-ақ, бәйге болады деген күні түннен тұрады. Түнімен аш, таңасулы қалған атқа қайнаған арпа береді. Сосын мұздай суға салады. Құйрық-жалын сүзіп тарайды. Тізгінін түйеді», - деп [2.4] бәс тіккен бәйгеде сәйгүлігінің сырын тереңнен ұққан бала-көңілдің көзқарасынан өткен қазақ деген ұлтымыздың көрегендікке толы ғұмырын танимыз.

Балалығы мен даналығын қатар қоя сомдаған Бекбаулы мінезі – жылқы мінез, табиғаттың өз баласы. Әке аманаты – құлағында қалған өнегелі сөзі, жылқы жануарының жанын тереңнен түсінуі – кісіліктің белгісі екенін жазушы тамаша тартысты сәйгүліктің жарысы арқылы береді. Сезімтал бала бейнесін автор тамаша суретпен бере білген. Егер академик З.Қабдоловтың пікірімен қарасақ: «Суреткер үшін керемет қиын нәрсе «адам жаны мен жүрегіндегі көзге ілінбес көп иірімдерді» (Гоголь) табу, тану және жазу. Сезімнің тілі – бір түрлі, тілсіз тіл. Сол тілсіз сезімге тіл бітіргендей, қағаз бетіне адамның ішкі күйінің суретіне, құбылысына, қимылына айналдыру – суреткердің қаншалықты нәзікті, шеберлікті қажет ететінін түсінікті болуға тиіс», - [3.103] деп тұжырымдаған. Ал осы жерде жазушы берген суретпен дәлелдейтін болсақ, ол былай:

«Ат шабысы мүлтіксіз. Бір қалыпты, созылмалы. Дала бетімен қалыпты ұшып келе жатқандай сезіледі. Құлағына жел ысқырады. Ат жалы бетін осады. Өріпжан Күреңмен құйрық тістесті. Күрең ақ көбік терге малшынған. Қатты қиналып шауып барады. Бұл суытуы кем аттың шабысы. Керкиікті алғаш бәйгеге қосқанда Бекбаулы да осындай күйге түскен. Атшабар бала күреңге қамшы ұрды, тағы ұрды, тағы ұрды... Тізгін тістесіп бара жатып байқады. Күрең аттың көзі жасқа толы екен. Бекбаулының жүрегі шым етті» [2.4].

Жүрегі шым еткен балада салмақты мінезге тән көрегендікті автор нағыз қазақ баласының, ауыл баласының болмысына сай туа бітті ірілікті асқан шеберлікпен бере білген.

Жазушының осы жинақтағы «Атшабар бала» тақырыбымен өзектес «Шабандоз» атты әңгімесінен де халқымыздың атбегілік өнерінің көркемдігінен тек қана ләззат ала отырып оқисыз. Бұндағы бір замандарда шабандоз атанған Шортанбайдың ат бабын келтіре баптаудағы шеберлігіне тәнті боласыз. «Әке - балаға сыншы» деген халық даналығы айтқандай, Шортанбай да өзінің ата кәсібін енді өз баласының бойына сіңіруін арман етеді. Және оған әке ретінде әр уақытта көңілі толмай, сын айтумен болады. Он жасар бала Мейірбан болашағынан зор үміт күткен әке арманы – қазақ халқының өмірлік асыл мұраттарының бірі. Адам ұрпағымен ғана көрікті деген қағиданың идеясы осы әңгімеден анық байқалады.

Екі әңгіменің тақырыбы бір, идеялас болса, ішкі шешім, иірімі жағынан екі түрлі. Алғашқысы сәйгүліктің шабысымен желдей есе отырып баяндалса, екіншісі, Шортанбайдың ішкі психологиялық тартысымен, мұңымен оқушысына терең ой сала суреттелген. Бұндағы жазушы шеберлігіне тек қана таң қаласыз:

«Екеуі де батар күнге қарады. Қызарып Қаратау өркешінің айрығына тақап қалыпты. Күні бойы ыстығын төгіп-төгіп, сөнуге айналған сексеуіл шоғындай. Шортанбайдың қой көзі де қанға толып, шоқтай жанып келеді...

- Енді есіме түсті. Жаңа сенімен әңгімеге алданып жүріп, байқамай... Шаптауына ескі тартпа салып жіберіппін ғой. Қараң қалғыр шіріп тұр еді. Ат арындап алғасын шарт үзіледі-ау... Ау, Тоқбала не ғып жүрсің?! Қойсаңшы, енді сиырдың желінін соза бермей!..» [4.22].

Батып бара жатқан күннің қызылы мен Шортанбай көңілінің қыжылын психологиялық параллелизммен бере білген автор кейіпкер мінезінің өзгеру сипатын табиғат болмысымен салыстыра отырып тамаша берген. Суреткерлік

мақсат орындалды деп осы суретті оқығаннан кейін тап басып айтуға толық негіз бар. Осы арада мазмұн мен форманы дәл таба білетін Д.Досжан қаламының ұшқырлығы мен қарымдылығына қайран қаламыз.

Жазушы осы шағын жанр – әңгіме жанрына келгенде ерекше шабыттана жазатынын жалпы шығармашылығындағы әңгімелер мен хикаяттар тынысынан байқалады. Таза ұлттық нақышта бояуын келтіре салатын суреткерлік қасиеті жазушы Дүкенбай Досжанның ең бір ұтатын тұсы деуге толық негіз бар. Ұлтымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын жазуда этнографиялық әңгімелері өмірдің өзінен алынып, шынайылығымен оқырманын әр уақытта сүйсіндіріп отыратын жазушының осы жинағындағы «Қымыз» атты әңгімесін ерекше атап айтуға болады. Жанға шипа, көңіліңе сергектік сыйлайтын қымыз сусынын қазақтан басқа дәмді етіп дайындайтын халық, сірә, жоқ шығар?.. Қымыз ашыту үрдісін бала кезінен көріп-біліп өскен автор осы әңгімесі арқылы өте сәтті бере білген. Бұдан біз қазіргі кезеңде ұмыт бола бастаған қымыз түрлері мен оның дайындалу әдіс-тәсілінен мол мағлұмат аламыз. Әңгіме Далабай арқылы бірінші жақтан баяндалады. Ақтәтенің бабына келген қымызы талайдың таңдайынан дәмді кетпес сусынын оқырман да бірге отырып дәм татады.

«...Айдың жаңасында жайылған биенің қымызы құлық, емдік қасиеті аз, сусын ғана. Айдың ортасында жайылған биенің қымызы дәрі. Жылқы ай жарығымен жайылып таңдаған шөбін еріп жейді, әсіресе ай сәулесімен ашылатын шашыратқы, өңіл деген шөптердің гүлі неткен қасиетті десеңші! Айдың аяғында жайылған биенің қымызы арақ қана деп атам айтып отырушы еді», - [4.116] дей келіп, қымыздың өзін ыдыстың бірнеше түріне ашытатынын, мәселен, тай саба, құнан саба, жылқы терісінің мойнынан жасалған торсық, қауақ сынды ыдыстарда әзірленетінін, олардың бірін тобылғымен ыстап, енді бірін өрік талдың немесе ұшқаттың сөлін сіндіріп ашытқанда ғана бал татыған қымыз шығатынын бүгінгі жас ұрпақ осы туындыдан ғана оқып біледі. Өйткені, мұндай тұрмыстық өмірдегі жәдігерлерді болашақта тек мұражайлардан ғана көруіміз мүмкін. Ал осы асыл қасиетті бойына сіңіріп өскен әке-аналарымыз бен ата-әжелеріміз үшін бұл туынды көптен күткен көзайымындай болмақ.

«Ақтәте биелерді теріп сауды. Байқаймын, көрі тіс биелерді тастап кетіп барады. Жақында ғана желіге үйретілген, әлі шабының қытығы кете қоймаған жас биелерге жанасады. Оларды сауу ешкі баққаннан бетер қиын. Елеңдеп бір орында тұрмайды, шелекті тебеді, құлынына иімейді. «Басын ұстап көмектесейін», - деп көріп едім. Ақтәте: «Бөгде иістен мүлде құтырады», - деп жолатпады» [4.119].

Осының бәрін көңіліне тоқып тұрған бала-жігіт Далабайдың зеректігі бүгінгі ұлттық рухта тәрбиеленетін ұрпақ үшін үлкен үлгі-өнеге екенін атап өтуіміз керек. Зеректік, ұқыптылық, әрбір қазақы жөн-жоралғылардың мәнін ұғып, оны ұрпағының бойына сіңіруді мақсат еткен ата-ана үшін де, ұлтының өзіндік болмысын тануын деген ересектер үшін де құнды еңбек болып табылатын бұл туындының шоқтығы биік деп білеміз.

Жалпы осы біз қарастырған үш әңгімені сюжеті тұрғысынан алып қарасақ, жылқы малының айналасына құрылып, балалық таным-түйсікпен түйін түйеді. Дүкенбай Досжанның балалар тақырыбына жазған шығармаларынан біз білетін Қожа (Бердібек Соқпақбаев «Менің атым - Қожа» повесіндегі) сияқты образдарды көре алмайсыз. Өйткені ұлттық болмысты ашуда бар шеберлігін аямайтын жазушы үшін қазақтың өз болмысы әр уақытта сұранысқа ие деп біліп, білмекке құмар, жақсыны көруге ынтық балалардың образы кеңінен суреттеледі. Атшабар Бекбаулы болсын, шабандоздың баласы Мейірбан болсын немесе бала-жігіт Далабай болсын бір-бірінен еш бөліп қарай алмайсыз. Бірте-бірте өскен, таным-түйсігі толысқан бала, одан соң жасөспірім бала, одан соң бала-жігіт образдары сан қырынан ашылып, мінездері түрлі тенденцияда көрініс табады. Тілі жас оқырманға оқуға жеңіл, жатық келетін бұл әңгімелерден оқушы қауым өзіне керекті мол қазынасын оңай алады.

Жазушының «Қойшы мен қарлығаш» әңгімесі әдемі лиризмге, бала көңілін жібіп, оның жүрегін сүйіспеншілікке баулуға деген ниеттілікке толы. Бұл шығарманы оқып отырып, көзіңе жас аласың. Әңгіме өте қысқа желіге құрылған. Бұл да - балалардың жас ерекшелігіне орай берілген деп ойлаймыз. Шығарма бір жолаушының Күмісті асуынан асып, елге келе жатқан бетінен басталады. Осы жерде жазушы ерекше бір деталь келтіреді. Қаратау тауымен құрдас кәрі қыранның осы маңайдағы әрбір адамды танып, көре қалса, бәйек болып, аспанда қалықтап ұшып жүретінін адами қасиеттерге тели суреттейді. «Қыран өзге құстардай суық түсе жылы жаққа безіп жоғалмайды. Осында қыстап үйренген. Топшысын талай үсіткен, аңшыға тап болған; бірақ Күмісті құзынан қанат серіпкен емес. Қайта қартайған сайын үйкүшіктене береді. Бұл маңайдың жұрты кәрі қыранды аспаннан-ақ айна-қатесіз таниды. Құс та екі аяқты жерлестерін алыстан ажыратады, білем. Асудан түсіп, жазыққа шыққанша кәрі қыран төбемнен кетпей қойды. Көрмегелі көп болса да, танығаны. Бауырмалдығына ішім ереді. «Атамекенді кәрі қыранша сүйсек қой!...» - деп ойладым» деген жолдарды алар болсақ, қыран-екеш қыранның да екі аяқтылар секілді туған жерге, өз өңіріне деген, адамдарға деген әлі де сүйіспеншілігінің толастамағанын айтып отыр. Осындай бауырмалдық адамдарда да болса екен деп балаларға үндеу тастап отырғандай. Шығарманың желісі бойынша, жолаушы қойшының үйіне қарай беттейді, бірақ басқа қойшылардан гөрі, бір ерекшелігі ретінде оның таулы, сулы жерлерге көшпей, мидай жазық даланың арасында топырақпен жағаласып отырғанына түсінбейді. Осы жерде де оқырманның ойы сергиді, шындығында «неліктен?» деген сұрақтың туатыны мәлім. Осы жерден шығарма шиеленіседі. Жолаушы атын қаңтарып, үйге кіреді, бірақ үй иелері болмай шығып, жалғыз күтіп отыра береді. Бір уақытта қойшының кіргенін біліп, алдынан шығып амандасып, жөн сұрасқаннан кейін, кемпірінің де қурай теруге кеткенін де біледі. Иесіз үйдің осылайша сүреңсіз жағдайы арқылы жазушы ол үйде бала қарасы көрінбейтінін тағы да меңзейді. Көрісіп-біліскеннен кейін жолаушы қойшыдан неліктен тауды сағалап кетпегенін, оның жұрттан екі есе артық бейнет көріп отырғанын сұрағанда, қойшы былай деп жауап қайырады:

« - Мына мақұлықтар шаңыраққа ұя салып қойыпты. Айдың жаңасына дейін балапан ұшырар. Ұясын бұзып, көше жөнелуге обалсындық тегі!...». Бұл қойшының ең ізгі жүректі адам екендігін, адамның досы ретінде ел жадында айтылып жүрген қарлығаштың ұясын қимай отырғандығы – нағыз азаматтықтан туған ізгі бейнелілік. Бұл жерде жазушы қойшыны әйгілі Қарлығаш әулие деп аталып кеткен Төле биге ұқсас сюжетке сай суреттеп отыр. Бүкіл ел дүркіреп, қалмақтар соғыс ашқан мезетте, жалғыз Төленің үйі көшпей отырған көрінеді. Сонда не қылған үй екен деп, қалмақтың сарбазы келгенде, Төле би үйінің тебесіне қарлығаштың ұя салғанын, оны ешқайда тастап кете алмайтынын ерекше шешендікпен жеткізген кезде, қалмақтар сөзден ұтылып қалса керек. Сол секілді бұл жерде де қойшының асыл да жанашыр қасиетін, табиғаттың жаратылған кішкентай құстың қамын ойлағандықтан ауыр да күйзелісті жолды таңдап тұр. Қарлығашты қимағандықтан, ол елден жырақ отыр, таулы, көлеңкелі жер емес, топырақ қарыған кең сахарадай құмның арасына көміліп отыр. Одан кейінгі мына сюжетпен шығарма аяқталады: «Ақтала сөйлеп отыр. Әрідегі көңіл-күйін түсінбес деп ойлады. Қарт мінезі қатты толқытты. Туған табиғаттың титімдей мақұлығына дейін сүйе білген шалдың үлкен жүрегіннің лүпілін сездім. ...Күн ата атқа қондым. Бүлекеннің қос қарлығашы көп жерге шейін шығарып салды. «Жұрттың бәрі табиғатты Бүлекенше сүйсе ғой, шіркін!». Бұл аяқталымды жазушы өте шебер бере білген. Өйткені терең де саф, таза да аппақ оймен баланың ақ жүрегіне әдемі әнді құю мақсатында жазушы ерекше пафоспен аяқтады. Осылайша жұртшылықты, әсіресе жас оқырмандарды, балаларды табиғатты сүюге, табиғаттың таңғажайып тірі мақұлықтарына да жанашырлықпен қарап, жалпы өмірді, қоршаған ортаны сүюге тәрбиелеп тұр. Сонда бұл шығарманың негізгі тақырыбы – қойшының өмірі

болса, жазушы осы тақырып арқылы табиғатты қорғап, табиғатты сүю идеясын алға тартып отыр.

Сонымен, қорытар болсақ, жазушы Дүкенбай Досжанның «Қойшы мен қарлығаш» атты әңгімесі өте қысқа да нұсқалы түрде берілген. Сюжеттік желісі аса терең иірімдерден тұрмаса да, композициялық бөлшектері сайма-сай құрылған. Оқырманын өзіне баурап әкелерліктей ерекше сезімді аңдатпа – жазушының ең басты қаруы десек те болады. Идеялық мазмұны жағынан терең мәнге құрылған бұл әңгіме балалар қауымын жақсылыққа үндейді деуге толық негіз бар.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Д.Досжан. «Балалықпен тілдесу». Алматы: «ҚАЗ ақпарат» 2005, 3 бет.
2. Сонда 4 бет.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: «Санат», 2002 ж. 103 бет.
4. Д.Досжан. Балалықпен тілдесу. Алматы: «ҚАЗ ақпарат» 2005, 22 бет.
5. Сонда 116 бет.
6. Сонда 119 бет.
7. Досжанов Д. Келінішпектаудағы тас түйелер. Алматы: «Жалын», 1979 ж., 80 бет.
8. Сонда 81 бет.

\*\*\*

*В данной статье рассматриваются произведения казахского поэта Д.Досжана, посвященные детям.*

\*\*\*

*The given article speaks about works of the Kazakh poet Doszhan D. devoted to children's literature.*

ӘОЖ 821.512.122:323(574)

*Кенжесалиева А.С.  
магистрант, М.Өтемісов атындағы БҚМУ*

### **Н.Ә.НАЗАРБАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ**

Тарихымыздың арғы-бергі тұстарын шолып қарасақ, осынау ұшы-қиыры жоқ сайын даланың төсінде халқымыз басынан не кешпеді. Осы бір ұлы далада жұртты аузына қаратқан Темір, Мөде, Бумын, Естеми, Тонькөк, Білге, Күлтегін, Қорқыт, Қазтуған, Төле, Әйтеке, Қазыбек билер, Абылай, Абай, Жамбыл, Ахмет, Мұқағали, тағы басқа ғұлама, абыздар өмір кешті.

Қазақ ғылымында тұлға тану мәселесінің қалыптасып, жоғары кәсіби деңгейге көтерілгеніне бір ғасырдың жүзі. Әрине, алғашында бұл ағартушылық бағытта басымдық алса, кейіннен мұның арнасы ұлғайғандығын байқаймыз. Өткен ғасырдың соңында қазақ елін басқарған немесе құзырлы орындарда жауапты қызметтер атқарған тұлғалар болмысын тану, бағалау қоғамдық өмірімізде көрініс ала бастады. Бұл өзін-өзі тануды ұмытпаған елдің ертеңі баянды дегенді аңғартса керек. XX ғасырдың басында қазақ азаттығы үшін басын бәйгеге тіккен Мұстафа Шоқайды, Димаш ағаны, тағы басқаларын тануға ұмтылу - осының дәлелі.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алмастан бұрын жұрт көшбасшысы деп таныған, сенім артқан Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ел экономикасы мен мәдениетін қатар іргелілетіп келе жатқан сарабал саясаты бүгінгі таңда жан-жақты талдануын тұлға танудағы желісі үзілмеген сабақтастық деп қараған жөн. Елбасының қайраткерлігі жөнінде: «Нұрсұлтан Назарбаев - әлем мойындаған, жағанға атағы жеткен, жер бетіне сөзін өткізіп, дегенін істетіп отырған бүгінгі заманның ұлы саясаткері, лидері, ата кіндігінен ерекше дарынды туған, тумысынан қасиет дарыған қайраткер, табанды күрескер, гуманист, туған халқының бәйтерегі, көсемі» (20)—деп, Мырзатай Жолдасбеков баға берген болатын. «Ел өмірінің алуан